

**"Ақтөбе облысында жылу маусымына дайындық және оны өткізу Қағидасы туралы"
Ақтөбе облыстық мәслихаттың 2013 жылғы 17 шілдедегі № 143 шешіміне өзгерістер
енгізу туралы**

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2025 жылғы 27 маусымдағы № 224 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 2 шілдеде № 36395 болып тіркелді

Ақтөбе облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Ақтөбе облысында жылу маусымына дайындық және оны өткізу Қағидасы туралы" Ақтөбе облыстық мәслихаттың 2013 жылғы 17 шілдедегі № 143 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3621 тіркелген) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

шешімнің атауында, 1-тармағында және Қағиданың бүкіл мәтіні бойынша қазақ тіліндегі "жылу маусымына" және "жылу маусымы" деген сөздер "жылыту маусымына" және "жылыту маусымы" деген сөздермен ауыстырылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген шешіммен бекітілген Ақтөбе облысында жылу маусымына дайындық және оны өткізу Қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Ақтөбе облысында жылыту маусымына дайындық және оны өткізу қағидасы (бұдан әрі - Қағида) "Электр энергетикасы туралы", "Жылу энергетикасы туралы", "Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы", "Тұрғын үй қатынастары туралы" мемлекеттестан Республикасының Заңдары, "Жылу энергиясын пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 211 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10234 тіркелген) бұйрығы негізінде әзірленген және Ақтөбе облысында жылыту маусымына дайындық және оны өткізу тәртібін айқындайды.";

14 тармақтың 1 абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Кондоминиум объектісін басқару нысандары:";

14 тармақтың 7), 8), 9), 10) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"7) пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелеріне жиналыстар, жазбаша сауалдарды өткізуді ұйымдастырады;

8) барлық пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың иелері үшін барлық қол жетімді орындарда ақпарат тақталарында үй-жай, сондай-ақ ортақ мүлікке қызмет көрсету мен жөндеуді жүзеге асыратын ұйымдар туралы, сондай-ақ жылумен жабдықтау бойынша

қызметтерді көрсетуші ұйымдар (атауы, байланыс телефондары, апатты қызметтердің телефондары) туралы ақпараттың орналастырылуын қамтамасыз етеді;

9) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкінің санитариялық-техникалық және инженерлік жабдығының үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды;

10) апатты жағдайлардың туындау жағдайларынан басқа, пәтерлердің (үй-жай), тұрғын емес үй-жайлардың иелерін инженерлік желілер жұмысы режимінің сөндірілуі, сыналуы немесе басқа да өзгерістері туралы екі тәулікке дейін хабарлайды.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Жылу желілерінің күзет аймақтарында қарамағында жылу желілері бар жылу энергетикасы субъектілерінің келісімінсіз құрылыс, монтаждау, жер қазу, тиеу-түсіру жұмыстарын, ұңғымалар мен шурфтардың орнатылуына байланысты іздеу жұмыстарын жүргізуге, алаңдарды, автомобиль көлігі тұрақтарын жайластыруға, базарларды, құрылыстарды, ғимараттарды орналастыруға, материалдарды жинап қоюға, қоршаулар мен дуалдарды соғуға, күйдіргіш коррозиялы заттар мен жанар-жағармай материалдарын шығарып тастауға және төгуге жол берілмейді.

Қарамағында электр желілері бар ұйымның келісімінсіз электр және жылу желілері жолдарының күзет аймақтарында құрылыс, монтаждау, жер қазу, тиеу-түсіру жұмыстарын, ұңғымалар мен шурфтардың орнатылуына байланысты іздеу жұмыстарын жүргізуге, алаңдарды, автомобиль көлігі тұрақтарын жайластыруға, базарларды, құрылыстарды, ғимараттарды орналастыруға, материалдарды жинап қоюға, қоршаулар мен дуалдарды соғуға, күйдіргіш коррозиялы заттар мен жанар-жағармай материалдарын шығарып тастауға және төгуге жол берілмейді.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Жылуды тұтыну жүйелерінің жай-күйіне және қызмет көрсетуіне тұтынушылар мен энергия беруші немесе энергия өндіруші ұйымдар арасындағы жауапкершілік шекарасы олардың теңгерімдік тиесілігінде немесе тараптардың келісімі бойынша анықталады.";

Қазақ тіліндегі "4-тарау. Жылу режимі" деген сөздер "4-тарау. Жылыту режимі" деген сөздермен ауыстырылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың төрағасы

Г. Суентаева